

лицензияланатын қызмет түрімен және (немесе) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрімен айналысу қабілетін сипаттайтын сандық және сапалық нормативтер мен көрсеткіштердің жиынтығы;

2) бірыңғай технологиялық процесс - лицензияланатын бір қызмет түрінің шеңберінде өндіріс процесінде орындалатын технологиялық өзара байланысты және дәйекті іс-қимылдар (жұмыстар) жиынтығы;

3) жекелеген тауарлардың импортын автоматты түрде лицензиялау - лицензия беру мониторингтеу мақсатында белгіленген шара;

3-1) құжаттың электрондық көшірмесі – өтініш беруші, лицензиат немесе аталған құжатты куәландыруға өкілеттігі бар адам не халыққа қызмет көрсету орталығының уәкілетті қызметкері электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырған, түпнұсқа қағаз құжаттың түрін және ондағы деректерді электрондық цифрлық нысанда толығымен көрсететін электрондық құжат;

3-2) құзыретті (салалық) орган – мемлекеттік басқарудың лицензияланатын қызмет түріне жататын тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) лицензиар - осы Заңға сәйкес лицензиялауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4-1) лицензиардың электрондық тізілімі – берілген, қайта ресімделген, тоқтатыла тұрған, жаңартылған және қолданылуы тоқтатылған лицензиялар туралы лицензиар енгізген мәліметтерді қамтитын лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізілімінің ажырамас бөлімі;

5) лицензиат - лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға;

б) лицензия - тиісті лицензиардың жеке немесе заңды тұлғаға қызметтің жекелеген түрімен айналысуға беретін рұқсаты;

7) лицензияланатын қызмет түрі (бұдан әрі - қызмет түрі) - айналысу үшін осы Заңға сәйкес лицензия алу талап етілетін қызмет түрі (белгілі бір іс-әрекет (операция, сақтандыру сыныптары));

8) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (бұдан әрі - қызметтің кіші түрі) - тиісті қызмет түрін бір лицензия шеңберінде нақтылау;

8-1) лицензиялар тізілімі - берілген, қайта ресімделген, тоқтатыла тұрған, жаңартылған және қолданысы тоқтатылған лицензиялар, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрін (кіші түрін) жүзеге асыратын лицензиаттың филиалдары, өкілдіктері (объектілері, пункттері, учаскелері) туралы мәліметтерді қамтитын дерекқор базасы;

9) (алып тасталды - ҚР 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен);

9-1) лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізілімі – берілген, қайта ресімделген, тоқтатыла тұрған, жаңартылған және қолданылуы тоқтатылған

лицензиялар, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрін (кіші түрін) жүзеге асыратын лицензиаттың филиалдары, өкілдіктері (объектілері, пункттері, учаскелері) туралы мәліметтерді қамтитын, лицензиарлар беретін лицензиялардың сәйкестендіру нөмірін орталықтандырып қалыптастыратын а қ п а р а т т ы қ ж ү й е ;

9-2) лицензиялардың сәйкестендіру нөмірі – әкімшілік құжаттарды нөмірлеу мен кодтаудың бірыңғай жүйесінің стандартына сәйкес лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізілімінде генерацияланатын бірегей нөмір;

10) лицензиялау - лицензияларды беруге және қайта ресімдеуге, лицензиаттардың тиісті талаптарды сақтауын лицензиарлардың бақылауды жүзеге асыруына, лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұруға және қайта бастауға, лицензиялардан айыруға байланысты іс-шаралар кешені;

11) лицензиялық бақылау – лицензиардың лицензия және (немесе) лицензияға қосымша берілгенге дейін өтініш берушінің немесе лицензиаттың біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеруге, сондай-ақ ол берілгеннен кейін лицензиаттардың Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі;

11-1) лицензияның электрондық нысаны – қағаз жеткізгіштегі лицензияға тең, ақпараттық технологиялар пайдаланыла отырып ресімделетін және берілетін электрондық құжат нысанындағы лицензия;

12) өтініш беруші - лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру туралы тиісті лицензиарға өтініш жасаған жеке немесе заңды тұлға;

13) уәкілетті орган - мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүргізуді жүзеге асыратын және лицензиялау саласындағы басқа да мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіретін мемлекеттік орган;

14) электрондық лицензия – қағаз жеткізгіштегі лицензияға тең, ақпараттық технологиялар пайдаланыла отырып ресімделетін және берілетін электрондық құжат нысанындағы лицензия.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-бап. Лицензиялаудың негізгі принциптері

1. Лицензиялар беру белгілі бір қызмет түрі үшін белгіленген талаптарға сай барлық тұлғалар үшін тең негіздерде және тең жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Қызметтің жекелеген түрлері бойынша лицензиялық тәртіп енгізу ұлттық қауіпсіздік, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, қоршаған ортаны, азаматтардың меншігін, өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында белгіленеді.

3. Осы Заңда қызмет түрлерінің және қызметтің кіші түрлерінің егжей-тегжейлі тізбесі белгіленеді.

4. Осы Заңға жаңа қызмет түрлері және (немесе) қызметтің кіші түрлері енгізілген кезде оларды лицензиялау біліктілік талаптарын белгілейтін тиісті нормативтік құқықтық актілер қабылданғаннан кейін жүзеге асырылады.

Жекелеген қызмет түрлеріне (кіші түрлеріне) қойылатын біліктілік талаптарын және біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін, сондай-ақ экспорты немесе импорты лицензиялануға жататын жекелеген тауарлар тізбесін бекітетін нормативтік құқықтық актілерді осы актілер ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күндік мерзім өткенге дейін қолданысқа енгізуге болмайды.

5. Қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өнімге қойылатын талаптар, жекелеген өнім түрлерінің, процестердің сәйкестігін міндетті түрде растау жөніндегі талаптар мемлекеттік әкімшілік ету мақсаттарына жету үшін жеткіліксіз болған жағдайларда белгіленеді.

6. Лицензия иеліктен шығарылмайды және оны лицензиат басқа жеке немесе заңды тұлғаға бере алмайды.

7. Лицензияның күші, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

8. Бірыңғай технологиялық процеске кіретін және (немесе) қызмет түрін жүзеге асырудың қажетті элементі болып табылатын қызмет түрлері лицензиялануға жатпайды.

Қызмет түрінің бірыңғай технологиялық процеске кіретіні және (немесе) оны қызмет түрін жүзеге асырудың қажетті элементіне жатқызу туралы қорытындыны өтініш берушінің өтініші негізінде лицензиардың сұрауы бойынша құзыретті (салалық) орган береді.

9. Мемлекеттік органдар, дербес білім беру ұйымдары және олардың ұйымдары, оның ішінде аталған ұйымдарда білім беру бағдарламаларын енгізетін және (немесе) іске асыратын шетелдік заңды тұлғалар, сондай-ақ Қазақстанның Даму Банкі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттіктер шегінде жүзеге асыратын қызметті қоспағанда, лицензиялау талап етілетін қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыруға немесе белгілі бір іс-әрекеттер (операциялар) жасауға лицензия болған жағдайда ғана жол беріледі.

Кредиттік серіктестіктер, орталық депозитарий, бірыңғай тіркеуші, мемлекет қатысатын кредиттік бюро, өзара сақтандыру қоғамдары, «электрондық үкіметтің» төлем шлюзінің операторы, сондай-ақ Ұлттық почта операторы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттіктер шегінде жүргізетін

қызметті қоспағанда, қаржы саласындағы қызметтің жекелеген түрлерін және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия болған жағдайда ғана жол беріледі.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.19 N 395-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯЛАУ ЖҮЙЕСІ

5-бап. Мемлекеттік лицензиялау жүйесінің құрылымы

Мемлекеттік лицензиялау жүйесі:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметінен;
- 2) уәкілетті органнан;
- 3) лицензиарлардан тұрады.

6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне:

- 1) лицензиялау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, оны жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық және тактикалық шараларды әзірлеу;
- 2) лицензиарларды айқындау;
- 3) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 4) алып тасталды - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 5) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 6) өндірілуі, өңделуі, тасымалдануы, сатып алынуы, сақталуы, сатылуы, пайдаланылуы және жойылуы лицензиялануға тиіс улардың тізбесін бекіту;
- 7) алып тасталды - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 8) өтініш берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай келетіндігі бөлігінде лицензия беруге келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау;
- 9) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9-1) халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерлерінің құжаттардың электрондық көшірмелерін растауы қағидаларын бекітуі;

10) өзіне Конституциямен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті органның құзыретіне:

1) лицензиялау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;
2) лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізіліміне қол жеткізу құқықтарын дамыту, белгілеу процесін, оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуді б а с қ а р у ;

2-1) халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерлерінің құжаттардың электрондық көшірмелерін растауы қағидаларын әзірлеуі;

3) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекітетін лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініш нысанын қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініш нысандарын әзірлеу және б е к і т у ;

5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-1-бап. Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның құзыретіне лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту жатады.

Ескерту. 2-тарау 7-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8-бап. Мемлекеттік органдардың құзыреті

Лицензиарлардың құзыретіне:

1) жекелеген қызмет түрлеріне (кіші түрлеріне) қойылатын біліктілік талаптарын және ойын бизнесі саласындағы қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын қоспағанда, оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін әзірлеу, уәкілетті органмен келісу және бекіту жатады.

Жекелеген қызмет түрлеріне (кіші түрлеріне) қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін әзірлеуді және бекітуді, егер жергілікті атқарушы орган лицензиар болып табылған жағдайда, орталық мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде жүзеге асырады;

2) өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін белгілеу;

3) лицензиялау;

4) лицензиялық бақылауды жүзеге асыру;

5) азаматтық және қызметтік атыс қаруы мен оның патрондарын, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға арналған лицензияларды қоспағанда, лицензиялар тізілімін жүргізу және оны ай сайын өзінің интернет-ресурсында орналастыру жатады.

Лицензиардың электрондық тізілімінде және лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізілімінде мынадай мәліметтер:

лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның берілген күні және нөмірі;

дара кәсіпкер үшін - жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), сондай-ақ жеке тұлға дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелген жағдайда куәліктің нөмірі және оның берілген күні;

заңды тұлға үшін – заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері;

қызмет түрі және (немесе) қызметтің кіші түрлері;

лицензияның қолданылу мерзімі;

төлем тапсырмасының нөмірі және лицензиялық алым төленген күн;

жеке сәйкестендіру нөмірі;

бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу негіздері
ж ә н е к ү н і ;
лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, жаңарту негіздері және күні;
лицензияның қолданылуын тоқтату негіздері және күні;
лицензиаттың лицензияланатын қызмет түрін (кіші түрін) жүзеге асыратын
филиалдары, өкілдіктері, объектілері, пункттері, учаскелері (болған жағдайда)
туралы деректер көрсетілуге тиіс;
б) өтініш берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасының біліктілік
талаптарына сәйкестігі бөлігінде лицензия беруді келісу туралы мемлекеттік
о р г а н д а р ғ а с а у а л ж і б е р у ;
7) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес
ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып электрондық қызмет көрсету;
8) берілген, қайта ресімделген, тоқтатыла тұрған, жаңартылған және
қолданылуы тоқтатылған лицензиялар туралы ақпаратты өз интернет-ресурсында
о р н а л а с т ы р у ж а т а д ы .

Лицензиат филиалын (өкілдігін, объектісін, пунктін, учаскесін) құрған, оның
орналасқан жерін өзгерткен жағдайда он жұмыс күні ішінде – лицензиардың
мекен-жайына, егер жергілікті атқарушы орган лицензиар болған жағдайда -
филиалдың (өкілдіктің, объектінің, пункттің, учаскесінің) орналасқан жері
бойынша оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың
көшірмелерін қоса хат жолдауға міндетті. Лицензиар лицензиаттың хатын (
хабарламасын) алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде өтініш берушінің
тиісті қызмет түріне (кіші түріне) қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін
белгілейді. Ол біліктілік талаптарына сәйкес болған жағдайда тиісті деректерді
лицензиялар тізіліміне енгізеді.

Қаржы саласында және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты
қызметте лицензиялар тізіліміне филиал (өкілеттік, пункт) құру, оның
орналасқан жерін өзгерту туралы деректерді енгізуді лицензиар лицензиаттан
Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құжаттарды алған
күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда көзделген - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы
ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен
, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан
кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 № 538-IV (
қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2012.12.24 N 60-V (алғашқы ресми
жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-бап. Лицензиялардың түрлері мен қолданысы

Лицензиялар мынадай белгілері бойынша:

1. Субъектілер бойынша:

- 1) Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына берілетін;
- 2) шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік заңды тұлғаларға және халықаралық ұйымдарға берілетін болып бөлінеді.

2. Қызмет көлемі бойынша:

1) бас лицензия – қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға қолданыс мерзімі шектеусіз берілетін;

2) біржолғы лицензия – рұқсат етілген мерзім, көлем, салмақ немесе саны шегінде (заттай не ақшалай алғанда) жекелеген қызмет түрімен айналысуға, сондай-ақ «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзім шегінде ойын бизнесі саласында қызмет түрлерімен айналысуға және «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген көлем шегінде үлескерлердің ақшаларын тарту есебінен тұрғын үйлердің құрылысын ұйымдастыру жөніндегі қызметпен айналысуға;

3) операциялық лицензия – банк қызметінде жекелеген операциялармен айналысуға, сақтандыру қызметінде сыныптарды (сақтандыру сыныптарын) иеленуге берілетін болып бөлінеді.

3. Тауарлар экспорты мен импорты саласында:

1) бас лицензия – кеден одағына мүше мемлекеттің шешімі негізінде сыртқы сауда қызметіне қатысушыға берілетін және лицензияда айқындалған санымен жекелеген тауар түрінің экспортына және (немесе) импортына құқық беретін лицензия;

2) ерекше лицензия – сыртқы сауда қызметіне қатысушыға жекелеген тауар түрінің экспортына және (немесе) импортына ерекше құқық беретін лицензия;

3) біржолғы лицензия – сыртқы сауда шарты (келісімшарты) негізінде сыртқы сауда қызметіне қатысушыға берілетін және белгілі бір санымен лицензияланатын тауардың экспортына және (немесе) импортына құқық беретін лицензия.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-1-бап. Лицензиялардың қолданылуының ерекше шарттары

Лицензиялардың қолданылуының ерекше шарттары лицензияға:

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті лицензиялау кезінде

лицензиаттың

санатын;

өнеркәсіп саласындағы қызметті лицензиялау кезінде лицензияланатын қызмет түрі жүзеге асырылатын саланы көрсету үшін енгізіледі.

Ескерту. Заң 9-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен

10-бап. Лицензияның және лицензияға қосымшалардың нысаны

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекітетін лицензиялардың және оларға қосымшалардың нысандарын қоспағанда, лицензияның және оған қосымшаның нысанын уәкілетті орган белгілейді.

Қызметтің кіші түрлері көрсетілетін лицензияға қосымша лицензияның ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Заңның 32-бабында көзделген қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялардың нысандарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша электрондық нысанда беріледі. Өтініш беруші немесе лицензиат лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште алуға өтініш білдірген жағдайда лицензия және (немесе) лицензияға қосымша электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және лицензиар-органның мөрімен және басшысының қолымен расталады.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық форматта беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша қағаз жеткізгіште беріледі.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.07.04 N 167-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Лицензиялау салалары

Мынадай:

- 1) өнеркәсіп;
- 2) атом энергиясын пайдалану;
- 3) улы заттар айналымы;
- 4) алынып тасталды - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) к ө л і к ;

6) есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы;

7) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

8) жедел-іздігі іс-шараларын жүргізуге арналған арнаулы техникалық құралдар ;

9) қару-жарақ, әскери техника және жекелеген қару түрлерінің, жарылғыш заттар және олар қолданыла отырып жасалған бұйымдар айналымы;

10) ғарыш кеңістігін пайдалану;

11) ақпараттандыру және байланыс;

12) б і л і м б е р у ;

13) бұқаралық ақпарат құралдары;

14) ауыл шаруашылығы;

15) денсаулық сақтау;

16) жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету;

17) ойын бизнесі;

18) ветеринария ;

19) «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелері ескеріле отырып, сот-сараптама;

20) м ә д е н и е т ;

21) қаржы саласы және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қ ы з м е т ;

22) сәулет, қала құрылысы және құрылыс;

23) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін дайындау;

24) алынып тасталды - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) **Заңымен ;**

25) этил спирті мен алкоголь өнімдерін, темекі өнімдерін өндіру және о л а р д ы ң а й н а л ы м ы ;

26) алынып тасталды - ҚР 2009.07.04 N 167-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан **қараңыз**) **Заңымен ;**

27) тауарлар экспорты мен импорты;

28) тауар биржалары салаларындағы қызметтің жекелеген түрлері **лицензиялануға тиіс .**

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.04 N 167-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.05.04 N 156 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз, 2009.05.08. жарияланды), 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.06.28 N 24-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 № 107-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тарау. ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

12-бап. Өнеркәсіп саласындағы қызметті лицензиялау

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі

:

1) тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды: тау-кен өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану; қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіруді жобалау;

қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын, мұнай-газ кен орындарын әзірлеу жобаларын және технологиялық регламенттерді жасау; қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіру; ашық және жер асты тәсілдерімен қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашу және әзірлеу;

кен орындарында технологиялық жұмыстар жүргізу; пайдалы қазбаларды өндіру үшін жару жұмыстарын жүргізу; кеніштер мен шахталарды жабу бойынша жою жұмыстары; мұнай, газ ұңғымаларындағы каротаж жұмыстары; мұнай, газ ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстары; мұнай, газ ұңғымаларын, оның ішінде теңізде және ішкі су айдындарында б ұ р ғ ы л а у ;

ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу; жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу; ұңғымалар көтергішін орнату; ұңғымаларды жөндеуден кейін сынау; ұңғымаларды жуу, цементтеу, байқаудан өткізу және игеру; мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұ л ғ а й т у ;

құрлықта және теңізде мұнайдың төгілуін, ұңғымалардың өздігінен атқылауын, мұнай және газ шығарындыларын (бұрқакқа қарсы жұмыстарды

қоспағанда) болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар, ұнғымаларды консервациялау;

мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану;

мұнай-газ кен орындарын эзірлеу жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін жасау;

магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану;

2) энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу;

3) заңды тұлғаларда өз өндірісі барысында және құрамында түсті және (немесе) қара металл сынықтары және (немесе) қалдықтары болған мүліктік кешенді сатып алу нәтижесінде пайда болған түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, өңдеуі және лицензиаттарға өткізуі.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті лицензиялау

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1) атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды: ядролық қондырғылар, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймалары құрылысы;

ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтар сақтау қоймаларын пайдалану;

ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдаланудан шығару;

ядролық қондырғыларды орналастыру, салу, пайдаланудан шығару кезінде жұмыстарды және жобаларды басқару;

2) ядролық материалдармен жұмыс істеу.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

ядролық материалдарды өткізу;

ядролық материалдарды пайдалану;

ядролық материалдарды сақтау;

3) радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен

және қондырғылармен жұмыс істеу.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды дайындау;

радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды пайдалану;

радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды сақтау;

радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу;

табиғи уранды өндіру және қайта өңдеу;

4) иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды дайындау;

иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды пайдалану;

5) атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
құрамында иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздері бар немесе иондаушы сәулеленуді генерациялайтын, медициналықты қоса алғанда, аспаптармен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету, монтаждау, бөлшектеу, зарядтау, қайта зарядтау, жөндеу;

иондаушы сәулелену көздерінің, сондай-ақ құрамында осындай көздер бар немесе иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптардың, жабдықтардың, қондырғылардың жұмыс сапасын бақылау;

аумақтарды, үй-жайларды, жұмыс орындарын, тауарларды, материалдарды, металл сынықтарын, көлік құралдарын радиациялық бақылау;

өнімдердегі, материалдардағы, қоршаған орта объектілеріндегі радионуклидтердің барын анықтау, радон және басқа да радиоактивті газдардың шоғырлануын өлшеу;

персоналды дозиметрлік жеке бақылау;

6) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
радиоактивті қалдықтарды жинау және сұрыптау;
үй-жайларды, жабдық пен материалдарды залалсыздандыру (радиоактивті ластанудан тазарту);

радиоактивті қалдықтарды өңдеу;

- радиоактивті қалдықтарды сақтау және көму;
аумақтар мен объектілерді радиациялық оналту, өңдеп қалпына келтіру;
- 7) ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдау;
- 8) ядролық сынақтар жүргізу салдарынан ластанған бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумақтарындағы және басқа да аумақтардағы қызмет;
- 9) ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау.
- Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
физикалық қорғау жүйелерін жобалау, монтаждау, жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету;
ядролық материалдарды және радиоактивті заттарды тасымалдау кезінде оларды физикалық қорғауды қамтамасыз ету;
- 10) ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-бап. Улы заттар айналымы саласындағы қызметті лицензиялау

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі :

- 1) уларды өндіру, өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
уларды өндіру, өңдеу, сақтау, өткізу, жою;
уларды сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану;
уларды сатып алу, сақтау, өткізу.

Нормативтік құжаттарға сәйкес сынақтар, зерттеулер және дезинфекция жүргізу үшін қажетті көлемде улы заттарды пайдаланатын аккредиттелген зертханалардың қызметі улар айналымы саласындағы лицензиарға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен, удың жылдық қажеттілігі туралы ақпарат және оларды пайдалану туралы жыл сайынғы есеп бере отырып, лицензиялаусыз жүзеге асырылады;

- 2) пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау);
пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу;
пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-бап. Техникалық қауіпсіздік саласындағы қызметті лицензиялау

Ескерту. 15-бап алып тасталды - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-бап. Көлік саласындағы қызметті лицензиялау

Жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау қызметімен айналысу үшін, сондай-ақ теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

17-бап. Есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті лицензиялау

Есірткі, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметпен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды: есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әзірлеу, өндіру, өңдеу, тасымалдау, жөнелту, сатып алу, сақтау, тарату, өткізу, пайдалану, жою; құрамында есірткі және психотроптық заттар бар өсімдіктер мен шөптерді өсіру, жинау, дайындау; денсаулық сақтау жүйесінде есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды өндіру, тасымалдау, сатып алу, сақтау, тарату, өткізу, пайдалану, жою.

18-бап. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметті лицензиялау

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

- 1) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 2) ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу және өткізу (оның ішінде өзге де беру).

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды: ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу; ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын өткізу (оның ішінде өзге де

б е р у) ;

3) ақпараттың таралып кетуіне жол беретін техникалық арналарды және жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау жөнінде қызметтер көрсету.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-бап. Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар саласындағы қызметті лицензиялау

Жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды: жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру; жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды жөндеу және өткізу.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

20-бап. Қару-жарак, әскери техника мен жекелеген қару түрлері, жарылғыш заттар мен олар қолдана отырып жасалған бұйымдар айналымы саласындағы қызметті лицензиялау

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі :

1) монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ дәрілерді, қару-жарак пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, алу және өткізу.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

1) монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарак пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, арнайы материалдарды, оларды өндіруге арналған жабдықтарды әзірлеу, өндіру; монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды,

жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарак пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, арнайы материалдарды, оларды өндіруге арналған ж а б д ы қ т а р д ы ж ө н д е у ;

монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарак пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, арнайы материалдарды, оларды өндіруге арналған ж а б д ы қ т а р д ы с а т ы п а л у ж әне ө т к і з у ;

2) жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу және өткізу.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды: жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған б ұ й ы м д а р д ы ә з і р л е у ;

жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған б ұ й ы м д а р д ы ө н д і р у ;

жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды с а т ы п а л у ж әне ө т к і з у ;

жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды өздерінің өндірістік қажеттіліктері үшін сатып алу;

3) босатылған оқ-дәріні, қару-жарақты, әскери техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және өңдеу.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды: босатылған оқ-дәріні жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және өңдеу; босатылған қару-жарақты, әскери техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту , кәдеге жарату, көму) және өңдеу;

4) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, с а т у , к о л л е к ц и я ғ а ж и н а у , э к с п о н а т т а у .

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды: азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу; азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын өндіру; азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын жөндеу; азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын с а т у ;

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын коллекцияға жинау; азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын экспонаттау;

5-1) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу;

б) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған

бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған

бұйымдарды әзірлеу;

азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған

бұйымдарды өндіру;

азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған

бұйымдарды сату;

азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған

бұйымдарды пайдалану;

7) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған

бұйымдарды сатып алу.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

21-бап. Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті лицензиялау

Зымыран-ғарыш техникасын жасауды, өндіруді, пайдалануды, жөндеуді және жаңғыртуды, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жер үсті инфрақұрылымдарын (полигонды, командалық-өлшеу кешенін, стендтік базаны және басқаларын) пайдалануды қоса алғанда, ғарыш кеңістігін пайдалануға байланысты барлық қызмет түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.

22-бап. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қызметті лицензиялау

1. Байланыс саласында қызметтер көрсетуді ұсыну жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

қалааралық телефон байланысы;

халықаралық телефон байланысы;

спутниктік жылжымалы байланыс;

ұялы байланыс (стандарт атауын көрсете отырып).

2. Мынадай қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алу талап етілмейді:

1) меншікті не жалға алынған желілік немесе коммутациялық жабдығы жоқ және пайдаланушыларға тиісті лицензиялар негізінде әрекет ететін басқа байланыс операторларының қызметтерін ұсынатын жеке және заңды тұлғалардың қызметі.

Мұндай тұлғалар мен байланыс операторының арасындағы қатынастар

жасалған шарттармен реттеледі, олардың құрылымы лицензиармен келісілуге тиіс. Делдалдар қызметтерді шарт жасасқан байланыс операторының сауда маркасымен ұсынуға міндетті. Бұл ретте, тұтынушыларға ұсынылатын қызметтердің сапасына және лицензияның қолданылу шарттарының орындалуына байланыс операторы жауап береді;

2) өндірісішілік қызметті және технологиялық процестерді, оның ішінде үшінші тұлғаларға байланыс қызметтерін ұсынбай радиожиилік спектрін пайдалана отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының резиденті емес байланыс операторлары ұсынатын байланыс қызметтерін пайдаланбай, басқаруға арналған желілерді құру және пайдалану ж ө н і н д е г і қ ы з м е т ;

3) байланыс қызметтерін көрсетумен байланысты емес, ортақ пайдаланудағы телекоммуникация желісіне қосылмаған және негізгі қызмет түрін жүзеге асыруға арналған ұтқыр телекоммуникациялық байланыс желілерін құру және пайдалану (оның ішінде жылжымалы радио (радиотелефондық), транкингтік және пейджингтік байланыс) жөнiндегi қызмет.

Осы тармақтың 2), 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда жиілік, радиожиилік жолақтарын (радиожиилік арналарын) пайдалану үшін байланыс саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасына сәйкес радиожиилік спектрін пайдалануға рұқсат береді.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.11.21 N 89-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

23-бап. Білім беру саласындағы қызметті лицензиялау

Білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.

Қызметтің бұл түрі қызметтің мынадай кіші түрлерін қамтиды:
бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламалары ;

техникалық және кәсіптік білім берудің, оның ішінде кәсіптер мен мамандықтар бойынша кәсіптік бағдарламалары;
орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің, оның ішінде мамандықтар бойынша кәсіптік бағдарламалары;
діни білім беру бағдарламалары.

Ескерту. 23-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

24-бап. Телерадио хабарларын тарату саласындағы лицензиялау

Теле-, радиоарналарын тарату жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.18 N 546-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-бап. Ауыл шаруашылығы саласындағы қызметті лицензиялау

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі :

1) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

2) астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету ;

3) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету ;

4) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

26-бап. Денсаулық сақтау саласындағы қызметті лицензиялау

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі :

1) медициналық қызмет.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды: алғашқы медициналық-санитариялық көмек: дәрігерге дейінгі, білікті, жедел медициналық көмек ;

диагностика ;

патологиялық анатомия ;

клиникалық зертханалық диагностика ;

қан мен оның компоненттерін дайындау, консервациялау, өңдеу, сақтау және өткізу ;

ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша консультациялық-диагностикалық және (немесе) стационарлық медициналық көмек :

акушерлік және гинекология ;

педиатрия немесе терапия: жалпы, невропатология, кардиология, ревматология, гастроэнтерология, нефрология, пульмонология, эндокринология, аллергология (иммунология), гематология, кәсіптік патология, отбасылық дәрігер; инфекциялық аурулар; фтизиатрия;

хирургия: жалпы, трансплантология, кардиохирургия, ангиохирургия, пластикалық хирургия, жақ-бетсүйек хирургиясы, нейрохирургия, оториноларингология, офтальмология, трансфузиология, урология, травматология және ортопедия; анестезиология және реаниматология; дерматовенерология (дерматокосметология);

психиатрия: жалпы, наркология, психотерапия, сексопатология, медициналық психология;

онкология;

стоматология;

дәстүрлі медицина: гомеопатия, гирудотерапия, мануальдық терапия, рефлексотерапия;

медициналық реабилитология;

сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптама;

еңбекке уақытша жарамсыздық пен кәсіптік жарамдылық сараптамасы;

санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы медициналық қызмет: дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдары мен препараттарын өндіру, қайта өңдеу және өткізу, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызмет түрлерін өткізу;

2) фармацевтикалық қызмет.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

дәрілік заттар өндірісі;

медициналық мақсаттағы бұйымдар өндірісі;

медициналық техника өндірісі;

дәрілік препараттарды дайындау;

медициналық мақсаттағы бұйымдарды дайындау;

дәрілік заттарды көтерме саудада өткізу;

дәрілік заттарды бөлшек саудада өткізу.

Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

27-бап. Жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету саласындағы қызметті лицензиялау

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі

:

- 1) адвокаттық қызмет;
 - 2) нотариаттық қызмет;
 - 3) мүлікті бағалау (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтер құнын қоспағанда);
 - 4) зияткерлік меншікті, материалдық емес активтер құнын бағалау;
 - 5) аудиторлық қызмет;
 - 6) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау және қызмет көрсетумен айналысу.
- Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды: шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін табиғат қорғауға қатысты жобалау, нормалау; шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін экологиялық аудит;
- 7) лотерея ұйымдастыру және өткізу;
 - 8) заңды тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыру;
 - 9) туроператорлық қызмет;
 - 10) жеке сот орындаушыларының қызметі.

Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда көзделген - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

28-бап. Ойын бизнесі саласындағы қызметті лицензиялау

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

- 1) казино қызметі;
- 2) ойын автоматтары залының қызметі;
- 3) букмекерлік кеңсе қызметі;
- 4) тотализатор қызметі.

29-бап. Ветеринария саласындағы қызметті лицензиялау

Ветеринария саласындағы қызметпен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды: ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру; жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа ветеринариялық-санитарлық сараптама жүргізу.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

30-бап. Сот-сараптама саласындағы қызметті лицензиялау

Сот-сараптама қызметімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі.

31-бап. Мәдениет саласындағы қызметті лицензиялау

Тарих пен мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүзеге асыру үшін лицензияның болуы талап етіледі.

32-бап. Қаржы саласындағы қызметті және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті лицензиялау

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі

1) банк операциялары :
заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу және жүргізу;
жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу және жүргізу;
банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
банктердің жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашуы және жүргізуі, оларда осы тұлғаға тиесілі тазартылған қымбат бағалы металдар мен қымбат металдардан жасалған монеталарының физикалық мөлшері көрсетіледі;
кассалық операциялар: банктер мен Ұлттық почта операторының қолма-қол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта есептеуді, сұрыптауды, орауды және сақтауды қоса алғанда, оны қабылдауы және беруі;
аударым операциялары: жеке және заңды тұлғалардың ақша төлемі мен аударымы бойынша тапсырмаларын орындау. Аударым операциясын жүзеге асыруға лицензия банктерге және "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабының 6-1-тармағында аталған заңды тұлғаларға ғана беріледі;
есепке алу операциялары: жеке және заңды тұлғалардың вексельдерін және өзге де борыштық міндеттемелерін есепке алу (дисконт);
банктік қарыз операциялары: банктің, ипотекалық ұйымның немесе агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымдарының төлем жасалу, мерзімдік және қайтарымдылық шарттарында ақшалай нысанда кредиттер беруі;
шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру;
банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау;
төлем құжаттарын (вексельдерден басқа) инкассоға қабылдау;
аккредитив ашу (шығару) мен оны растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау ;
ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдіктерін беру;
үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындау көзделетін банктік тапсырмалар мен өзге де міндеттемелерді беру;

2) банктер жүзеге асыратын өзге де операциялар:
тазартылған қымбат бағалы құйма металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобының металдары), қымбат бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және өткізу;
құрамында қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастар бар зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және өткізу;
вексельдермен жасалатын операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау, төлеушінің вексельдерге ақы төлеуі жөнінде қызметтер көрсету, сондай-ақ домицильдендірілген вексельдерге ақы төлеу, делдалдық тәртіппен вексельдердің акцепті;
лизингтік қызметті жүзеге асыру;
меншікті бағалы қағаздарды (акциялардан басқа) шығару;
факторингтік операциялар: төлем жасамау тәуекелін қабылдай отырып, сатып алушыдан тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) ақы төлеуді талап ету құқығын иелену;

форфейтингтік операциялар (форфейтер): сатушыға айналымсыз жолмен вексель сатып алу арқылы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемесіне ақы төлеу;
сенімгерлік операциялар: сенімгердің мүддесіне орай және тапсырмасы бойынша ақшаларды ипотекалық қарыздар және тазартылған қымбат бағалы металдар бойынша талап ету құқықтарын басқару;
сейфтік операциялар: сейф жәшіктерін, шкафтар мен үй-жайларды жалға беруді қоса алғанда, клиенттердің құжаттамалық нысанда шығарылған бағалы қағаздарын, құжаттары мен құндылықтарын сақтау жөніндегі қызметтер;

2-1) ислам банктері жүзеге асыратын банк операциялары:
жеке және заңды тұлғалардың талап етілгенге дейін процентсіз депозиттерін қабылдау, жеке және заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;
жеке және заңды тұлғалардың инвестициялық депозиттерін қабылдау;
банктік заем операциялары: ислам банкінің мерзімділік, қайтарымдылық талаптары бойынша және сыйақы алмай ақшалай нысанда кредиттер беруі;
кәсіпкерлік қызметті мынадай түрде қаржыландыру: коммерциялық кредитті бере отырып, сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландыру;
заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу жолымен және (немесе) әріптестік талаптары бойынша өндірістік және сауда қызметін қаржыландыру;
лизинг (жалдау) талаптары бойынша инвестициялық қызмет;
ислам банкінің банк операцияларын жүргізу кезіндегі агенттік қызмет;

3) "өмірді сақтандыру" саласы бойынша мынадай сақтандыру сыныптары шегінде:

өмірді сақтандыру;

аннуитеттік сақтандыру;

4) "жалпы сақтандыру" саласы бойынша мынадай сақтандыру сыныптары ш е г і н д е :

жазатайым оқиғалардан сақтандыру;

ауру жағдайына арналған сақтандыру;

автомобиль көлігін сақтандыру;

темір жол көлігін сақтандыру;

әуе көлігін сақтандыру;

су көлігін сақтандыру;

жүктерді сақтандыру;

осы тармақшаның төртінші-сегізінші абзацтарында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, мүлікті залалдан сақтандыру;

автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

осы тармақшаның оныншы - он екінші абзацтарында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;

қарыздарды сақтандыру;

ипотекалық сақтандыру;

кепілдіктер мен кепілдемелерді сақтандыру;

осы тармақшаның он төртінші, он бесінші, он алтыншы және он сегізінші абзацтарында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, қаржы ұйымдарының залалдарын сақтандыру;

өзге де қаржы шығындарынан сақтандыру;

сот шығыстарын сақтандыру;

титулдық сақтандыру;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жекелеген сыныптары болып табылатын міндетті сақтандыру түрлері:

көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;

тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;

жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;

аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;

туроператор мен турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті

с а қ т а н д ы р у ;

өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру;
қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;
қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру;
міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі қызмет;

6) қайта сақтандыру жөніндегі қызмет.

"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымының тек "жалпы сақтандыру" саласында ғана сақтандырудың барлық сыныптары бойынша қайта сақтандыру жөнінде лицензия алуға және қызметті жүзеге асыруға құқығы бар.

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымының тек "өмірді сақтандыру" саласында ғана сақтандырудың барлық сыныптары бойынша қайта сақтандыру жөнінде лицензия алуға және қызметті жүзеге асыруға құқығы бар.

Қайта сақтандыру жөніндегі лицензия негізінде қызметтің ерекше түрі ретінде қайта сақтандыруды жүзеге асыратын қайта сақтандыру ұйымы "өмірді сақтандыру" және "жалпы сақтандыру" салаларындағы сақтандырудың барлық сыныптары бойынша қайта сақтандыруды жүзеге асыруға құқылы;

7) сақтандыру брокерінің қызметі;

8) тәуелсіз актуарий ретінде қызметті жүзеге асыратын және тізбесі мен оларға қойылатын талаптарды қаржы нарығы және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген актуарийлердің халықаралық қауымдастықтарының мүшелері болып табылатын адамдардың қызметін қоспағанда, сақтандыру нарығындағы актуарийлік қызмет;

9) брокерлік қызмет;

10) дилерлік қызмет;

11) алып тасталды - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

12) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет.

Аталған қызмет түрі қызметтің мынадай кіші түрлерін: ерікті зейнетақы жарналарын (ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры) тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті; ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті қамтиды;

13) алып тасталды - ҚР 21.06.2013 N 106-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Заңымен;

14) кастодиан қызметі;

- 15) трансфер-агенттік қызмет;
- 16) бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен жасалатын сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызмет;
- 16-1) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметі;
- 17) алып тасталды - ҚР 21.06.2013 N 106-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Заңымен;
- 18) мемлекет қатысатын кредиттік бюроның қызметін қоспағанда, кредиттік б у р о н ы ң қ ы з м е т і .

Ескерту. 32-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.02.12 N 133-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.02.13 N 135-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз), 2009.07.11 N 185-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.30 № 234-IV(2010.08.09 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.07.15 N 338-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.28 N 524-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 21.06.2013 N 106-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Заңдарымен.

33-бап. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті лицензиялау

Лицензияның болуы мынадай қызмет түрлерімен айналысу үшін талап етіледі :

- 1) і з д е с т і р у қ ы з м е т і .
- Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
- инженерлік-геодезиялық жұмыстар, оның ішінде:
- геодезиялық орталықтарды салу және қалау;
- жоспарлы-биіктік түсіру желілерін құру;
- жобалау мен салуға арналған топографиялық жұмыстар (1:10000-нан 1:200-ге дейінгі масштабтағы түсірулер, сондай-ақ жерасты коммуникациялары мен құрылыстарын түсіру, жердегі желілік құрылыстар мен олардың элементтерін т р а с с а л а у ж ә н е т ү с і р у) ;
- инженерлік-геологиялық әзірлемелерді, геофизикалық және басқа да іздестіру нүктелерін бекіту арқылы нақты іске асырумен байланысты геодезиялық ж ұ м ы с т а р ;

инженерлік-геологиялық және инженерлік-гидрогеологиялық жұмыстар, о н ы ң і ш і н д е :

геофизикалық зерттеулер, шолып байқау және түсіру;

жер қабаттарын далалық зерттеулер, гидрогеологиялық зерттеулер;

- 2) ж о б а л а у қ ы з м е т і .
- Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
- қала құрылысын жобалау (тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстарды қоспағанда, тарихи құрылыс

аудандарының қала құрылысын қалпына келтіру үшін жобалау құқығымен) және ж о с п а р л а у , о н ы ң і ш і н д е :

жоспарлау құжаттамасын (аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын – аудандық жоспарлау жобаларын, елді мекендердің бас жоспарларын, аудандарды, шағын аудандарды, орамдарды, жекелеген учаскелерді егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен салу жобаларын);

елді мекендердің (елді мекендер шекараларының шегінде орналасқан көше-жол желілері мен қалаішілік және сыртқы көлік объектілерінің) және қонысаралық аумақтардың (елді мекендердің көше-жол желісінен тысқары орналасқан сыртқы көлік объектілері мен коммуникацияларының) көлік инфрақұрылымын дамыту схемаларын;

құрылыс салу жүйесінде жылу энергиясын өндіру және тасымалдау объектілерін орналастыра отырып, елді мекендерді жылумен жабдықтау, сондай-ақ қонысаралық аумақтарда орналасқан өндірістік кешендерді жылумен ж а б д ы қ т а у с х е м а л а р ы н ;

ауыз су және (немесе) техникалық су көздерін орналастыра отырып және су ағызуды трассалай отырып, елді мекендерді сумен жабдықтау схемаларын, сондай-ақ қонысаралық аумақтарда орналасқан өндірістік кешендерді сумен ж а б д ы қ т а у с х е м а л а р ы н ;

тұрмыстық, өндірістік және жауын-шашынның сарқынды суларын жинау мен ағызудың орталықтандырылған жүйесін, бас тазартқыш құрылыстарды, сарқынды суларды буландырғыштар мен қайта генерациялау объектілерін орналастыруды қоса алғанда, елді мекендер мен өндірістік кешендердің кәріз с х е м а л а р ы н ;

елді мекендер мен қонысаралық аумақтарда орналасқан өндірістік кешендерді газбен жабдықтау схемаларын;

құрылыс салу жүйесінде электр энергиясын өндіру және тасымалдау объектілерін орналастыра отырып, елді мекендерді электрмен жабдықтау, сондай-ақ қонысаралық аумақтарда орналасқан өндірістік кешендерді электрмен ж а б д ы қ т а у с х е м а л а р ы н ;

инфрақұрылым объектілері мен ақпарат көздерін орналастыра отырып, елді мекендер үшін телекоммуникация және байланыс схемаларын әзірлеу;

ғимараттар мен құрылыстар үшін сәулеттік жобалау (тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстарын қоспағанда, сәулеттік-реставрациялау жұмыстары үшін жобалау құқығымен), оның ішінде:

объектілердің бас жоспарларын, аумақтың инженерлік дайындығын, жер бедерін көркейтуді және ұйымдастыруды;

құрылыстық жобалау (ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу және (немесе) реконструкциялау үшін жобалау, сондай-ақ төменде аталған

жұмыстардың әрқайсысы үшін конструкцияларды нығайту құқығымен) және конструкциялау, оның ішінде: негіздер мен іргетастарды; бетон және темір-бетон, тас және арматура-тас конструкцияларды; металл (болат, алюминий және қорытпа) конструкцияларды; инженерлік жүйелер мен желілерді, оның ішінде: жылытудың ішкі жүйелерін (электрмен жылытуды қоса алғанда), желдетуді, кондиционерлеуді, салқын ауамен жабдықтауды, газдандыруды (төмен қысымды газбен жабдықтауды), сондай-ақ олардың қосалқы объектілері бар сыртқы желілерін;

су құбыры (ыстық және суық су) мен кәріздің ішкі жүйелерін, сондай-ақ олардың қосалқы объектілері бар сыртқы желілерін; тоғы әлсіз құрылғылардың (телефондандырудың, өрттен қорғау дабыл құралының) ішкі жүйелерін, сондай-ақ олардың сыртқы желілерін; ішкі және сыртқы электрмен жарықтандыру, 0,4 кВ-ға дейін және 10 кВ-ға дейін электрмен жабдықтау жүйелерін;

35 кВ-ға дейін, 110 кВ-ға дейін және одан жоғары электрмен жабдықтауды; магистральдық мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын, газ құбырларын (орта және жоғары қысымды газбен жабдықтауды) жобалау; тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы, оның ішінде:

мектепке дейінгі білім беруге, жалпы және арнаулы білім беруге, интернаттарға, кадрлар даярлайтын орындарға, ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту және ойын-сауық мекемелеріне, сауда (дәріханаларды қоса алғанда), денсаулық сақтау (ауруларды емдеу және олардың профилактикасы, оңалту және санаториялық емдеу), қоғамдық тамақтану мен тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық жаттығуларға, демалыс пен туризмге, сондай-ақ түрлі қоғамдық мақсаттағы үй-жайлары бар өзге де көп функциялы ғимараттар мен кешендерге арналған;

көлік инфрақұрылымына (халыққа тікелей қызмет көрсетуге арналған) және коммуналдық шаруашылыққа арналған (көлік құралдарына қызмет көрсету үшін, сондай-ақ өзге де өндірістік-шаруашылық мақсатындағы ғимараттар мен құрылыстардан басқа) ғимараттар мен құрылыстарды технологиялық жобалау (құрылыс жобаларының технологиялық бөлігін әзірлеу);

өндірістік мақсаттағы, оның ішінде: энергетика өнеркәсібіне арналған;

жеңіл және тамақ өнеркәсібін қоса алғанда, өңдеу өнеркәсібіне арналған;

ауыр машина жасауға арналған;

медицина, микробиология және фармацевтика өнеркәсібіне арналған;

бөгеттер, дамбалар, басқа да гидротехникалық құрылыстар;

мұнара және дiңгек үлгiсiндегi конструкцияларға;
көтергiш-көлiктiк құрылғылар мен лифтiлерге арналған объектiлердi
технологиялық жобалау (құрылыс жобаларының технологиялық бөлiгiн әзiрлеу);
көлiк инфрақұрылымы, байланыс және коммуникация, оның iшiнде:
автомобиль, электр, темiржол және өзге де рельстi, әуе, су көлiгi түрлерiн
қоса алғанда, қалаiшiлiк және сыртқы көлiкке;
жергiлiктi байланыс, радио-, телекоммуникация желiлерiне;
байланыс (спутниктiк байланысты қоса алғанда) және өзге де
телекоммуникация түрлерiнiң жалпыреспубликалық және халықаралық
желiлерiне қызмет көрсету жөнiндегi объектiлердi технологиялық жобалау (
құрылыс жобаларының технологиялық бөлiгiн әзiрлеу);

м ы н а л а р д ы :

темiржол көлiгi қатынасы жолдарын;
барлық санаттағы автомобиль жолдарын;
қалалық электр көлiгiнiң көше-жол желiсiн;
көпiрлер мен көпiр өткелдерiн, оның iшiнде көлiк эстакадалары мен көп
деңгейлi жолайырықтарын қамтитын технологиялық жобалау (көлiк құрылысы
жобаларының технологиялық бөлiгiн әзiрлеу);
өңдеу өнеркәсiбi кәсiпорындарын қоспағанда, ауыл шаруашылығы
объектiлерiнiң құрылысын технологиялық жобалау (жобалардың технологиялық
б ө л i г i н ә з i р л е у) ;

3) құрылыс-монтаж жұмыстары.

Қызметтiң бұл түрi мынадай кiшi қызмет түрлерiн қамтиды:
жер қабатындағы арнаулы жұмыстарды, оның iшiнде:
iргетас негiздерiн орналастыруды;
жер қабатындағы бұрғылау жұмыстарын;
суасты-техникалық жұмыстар мен теңiз қайраңындағы жұмыстарды;
объектiлердi күрделi жөндеу мен реконструкциялауды қамтитын, ғимараттар
мен құрылыстардың (оның iшiнде көпiрлер, көлiк эстакадалары, тоннельдер мен
жол өткiзгiлер, өзге де жасанды құрылыстар) тiрек және (немесе) қоршау
конструкцияларын салуды, оның iшiнде:
металл конструкцияларды монтаждауды;
мұнара және дiңгек үлгiсiндегi құрылыс конструкцияларын, түтiн
м ұ р ж а л а р ы н м о н т а ж д а у д ы ;
көпiрлер мен көпiр өткелдерiнiң тiрек конструкцияларын монтаждауды;
гидротехникалық және селден қорғау құрылыстарын, бөгеттердi, дамбаларды
;
түтiн мұржаларын, күш түсетiн құрылыстарды, градирняларды, шахта
ү с т i н д е г i т о қ п а қ т а р д ы ;

тау-кен ұңғылау және тоннель жұмыстарын, сүзгілеуге қарсы қалқаларды
о р н а л а с т ы р у д ы ;

көтергіш құрылғылардың (лифтілердің, эскалаторлардың, шахта тоқпақтары
мен көтергіштерінің, аспалы жолдар мен басқа да көтергіш құрылғылар
конструкцияларын) құрылыс конструкцияларын монтаждауды;

монолитті конструкцияларды орналастыру, сондай-ақ құрама-бетон және
темір-бетон конструкцияларын монтаждауды, қабырғалар мен аралық
қабырғалардың жеке элементтерін қалауды және ойықтарды толтыруды;
ш а т ы р ж а б у ж ұ м ы с т а р ы н қ а м т и д ы ;

күрделі жөндеу мен реконструкциялауды қамтитын желілік құрылыстарды
салу жөніндегі арнаулы құрылыс және монтаж жұмыстарын, оның ішінде:

қысыммен жұмыс істейтін не жарылу-өрт қаупі бар немесе өзге де қауіпті (
зиянды) сұйық немесе газ тектес заттарды сақтауға арналған болат
резервуарларды (ы д ы с т а р д ы) ;

мұнай құбырларының, газ құбырларының кәсіпшілік және магистральдық
желілерін, сондай-ақ мұнай өнімдері құбырларының магистральдық желілерін;

кернеуі 35 кВ-ға дейінгі және 110 кВ-ға дейінгі және одан жоғары кернеулі
электр беру магистральдық желілерін;

байланыс пен телекоммуникацияның жалпы республикалық және
халықаралық желілерін қамтиды;

күрделі жөндеу мен реконструкциялауды қоса алғанда, инженерлік желілер
мен жүйелердің құрылғысын, оның ішінде:

теміржол қатынасы жолдарын электрмен жабдықтау желілерін, әуе көлігі
кәсіпорындарын электрмен жабдықтау және электрмен жарықтандыру желілерін;

газбен жабдықтаудың жоғары және орташа қысымды, тұрмыстық және
өндірістік газбен жабдықтаудың төмен қысымды желілерін, газбен
жабдықтаудың і ш к і ж ү й е л е р і н ;

суық және ыстық сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау желілерін,
тұрмыстық, өндірістік және жауын-шашынның сарқынды суларының
орталықтандырылған кәрізін, су құбырының, жылу беру мен кәріздің ішкі
ж ү й е л е р і н і ң құрылғысын;

электрмен жабдықтау желілерін және сыртқы электрмен жарықтандыру
құрылғысын, электрмен жарықтандырудың және электрмен жылытудың ішкі
ж е л і л е р і н қ а м т и д ы ;

күрделі жөндеу мен реконструкциялауды қамтитын автомобиль және
теміржол құрылыстарын салу, оның ішінде:

темір жолдарға арналған негіздерді және оның беткі құрылыстарын салу;

I және II техникалық санаттағы автомобиль жолдарының, сондай-ақ жүрдек
және реттелмелі қозғалыстың қалаішілік магистральдық жолдарының, үздіксіз

және реттелмелі қозғалыстың жалпықалалық маңызы бар магистральдық көшелерінің көлік жүретін бөлігінің негіздері мен жабындыларын, қорғаныш құрылыстары мен оларды жайластыруды;

III, IV және V техникалық санаттағы автомобиль жолдарының, сондай-ақ магистральдық болып табылмайтын елді мекендер көшелерінің көлік жүретін бөлігінің негіздері мен жабындыларын, қорғаныш құрылыстары мен оларды ж а й л а с т ы р у д ы ;

аэродромдардың ұшу-қону жолақтары мен тікұшақ алаңдарының негіздері мен ж а б ы н д ы л а р ы н қ а м т и д ы ;

м ы н а л а р м е н :

гидротехникалық және мелиоративтік құрылыстармен; құрылыс материалдары, бұйымдар мен конструкциялар өндірісімен; театр-ойын-сауық, білім беру, спорт мақсатындағы объектілермен; байланыспен, авариядан қорғаумен, бақылау және дабыл құралы жүйесімен, көлікте, электр энергетикасы және сумен жабдықтау объектілерінде, тіршілікті қамтамасыз ететін өзге де объектілерде оқшаулаумен, сондай-ақ өндірістік мақсаттағы есепке алу мен бақылау аспаптарымен байланысты технологиялық жабдықтарды монтаждау, іске қосу-жөндеу жұмыстары;

4) тұрғын үй ғимараттарының құрылысын үлескерлердің ақшасын тарту есебінен ұйымдастыру жөніндегі қызмет.

Ескерту. 33-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

34-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін дайындау саласындағы қызметті лицензиялау

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.06.28 N 24-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау үшін лицензияның болуы т а л а п е т і л е д і .

Ескерту. 34-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.06.28 N 24-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

35-бап. Кеден ісі саласындағы қызметті лицензиялау

Ескерту. 35-бап алынып тасталды - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

36-бап. Этил спиртінің және алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымы, темекі өнімдерінің өндірісі саласындағы қызметті лицензиялау

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі

:

1) этил спиртінің өндірісі;

2) алкоголь өнімінің өндірісі.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

арақтар мен айрықша арақтардың өндірісі;

ликер-арақ өнімдерінің өндірісі;

шарап материалының өндірісі;

ш а р а п ө н д і р і с і ;

к о н ь я к ө н д і р і с і ;

б р е н д и ө н д і р і с і ;

с ы р а ө н д і р і с і ;

3) алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оларды сақтауды, көтерме және (немесе) бөлшек саудада сатуды қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау, көтерме және (немесе) бөлшек саудада сату;

4) алып тасталды - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) темекі өнімдерінің өндірісі.

Ескерту. 36-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

37-бап. Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау

Ескерту. 37-бап алынып тасталды - ҚР 2009.07.04 N 167-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

37-1-бап. Тауар биржалары саласындағы қызметті лицензиялау

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі

:

1) тауар биржаларының қызметі;

2) биржалық брокерлер және биржалық дилерлер қызметі.

Ескерту. 3-тарау 37-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.05.04. N 156 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз, 2009.05.08. жарияланды) Заңымен.

4-тарау. ТАУАРЛАРДЫҢ ЭКСПОРТЫ МЕН ИМПОРТЫ САЛАСЫНДАҒЫ ЛИЦЕНЗИЯЛАУ

38-бап. Жалпы ережелер

1. Кеден одағы комиссиясының шешімімен бекітілген, үшінші елдермен саудада Еуразия экономикалық қоғамдастығы шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттер әкелуге немесе әкетуге тыйым салатын немесе шектеулер қолданатын тауарлардың бірыңғай тізбесі негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі экспорты және (немесе) импорты лицензиялануға жататын тауарлардың тізбесін белгілейді.

Тауарлардың экспортын және (немесе) импортын лицензиялау оларды орындау үшін осы шектеулер енгізілген мақсаттармен салыстырғанда тауарлар экспортына немесе импортына мейлінше шектеушілік немесе бұрмалаушылық әсер етпеуге тиіс.

2. Сыртқы экономикалық қызметтің Бірыңғай Тауар номенклатурасына сәйкес сыныпталатын, оған қатысты лицензиялау енгізілген әрбір тауарға лицензия беріледі.

Лицензиар мынадай лицензия түрлерін береді:
біржолғы;
бас;
ерекше.

Лицензиар бас және ерекше лицензиялар беруді Кеден одағы комиссиясының шешімімен көзделген жағдайларда жүзеге асырады.

3. Бас және ерекше лицензиялардың иелері лицензияның орындалу барысы туралы тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесіне дейін уәкілетті органға электронды құжат нысанында есеп беруге міндетті.

Біржолғы лицензиялардың иелері лицензияның орындалуы туралы лицензияның қолданылу мерзімі аяқталған соң күнтізбелік он бес күн ішінде уәкілетті органға электронды құжат нысанында ақпарат беруге міндетті.

4. Біржолғы лицензияның қолданыс кезеңі оның қолданыла бастаған күнінен бастап бір жылдан аспауға тиіс. Біржолғы лицензияның қолданыс мерзімі сыртқы сауда шартының (келісімшартының) қолданыс мерзімімен немесе лицензия беруге негіз болып табылатын құжаттың қолданыс мерзімімен шектелуі мүмкін.

Сан жағынан шектеулер енгізілген тауарлар үшін лицензияның қолданыс кезеңі квота белгіленген күнтізбелік жылда аяқталады.

Егер Кеден одағы комиссиясының шешімінде өзгеше жазылмаса, бас

лицензияның қолданыс мерзімі ол қолданыла бастаған күннен бастап бір жылдан аспауға тиіс, ал сан жағынан шектеулер енгізілген тауарлар үшін квота белгіленген күнтізбелік жылда аяқталады.

Ерекше лицензияның қолданыс мерзімі әрбір нақты жағдайда Кеден одағы комиссиясының шешімімен белгіленеді.

Ескерту. 38-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

39-бап. Жекелеген тауарлардың экспортын лицензиялау

Ескерту. 39-бап алып тасталды - ҚР 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

40-бап. Жекелеген тауарлардың импортын лицензиялау

Ескерту. 39-бап алып тасталды - ҚР 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

41-бап. Жекелеген тауарлардың импортын автоматты түрде лицензиялау

Жекелеген тауарлардың импортын автоматты түрде лицензиялау кезінде өтініш барлық жағдайда мақұлданады. Бұл ретте, импорт операцияларын жүзеге асыру үшін импорттаушы елдің заңды талаптарын орындайтын кез келген тұлға импортқа лицензия алуға өтініш жасау және оны алу құқығын тең жағдайларда иеленеді. Лицензия алуға өтінішті тауарлар кедендік тазартылғанға дейін кез келген жұмыс күнінде беруге болады. Лицензия алуға өтініш пен қажетті құжаттар тиісті әрі толық нысанда ұсынылған жағдайда лицензия он жұмыс күні і ш і н д е б е р і л е д і .

Импортты автоматты түрде лицензиялауға жататын тауарлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 41-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2011.01.26 № 400-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-тарау. ЛИЦЕНЗИЯНЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЛИЦЕНЗИЯҒА

ҚОСЫМШАНЫ

БЕРУДІҢ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

42-бап. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру шарттары

1. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, егер жергілікті атқарушы орган немесе орталық мемлекеттік органның аумақтық органдары лицензиар болып табылса, жеке немесе заңды тұлғаны тіркеу орны бойынша беріледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін, қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысу құқығына лицензияларды және (немесе) оларға қосымшаларды қоспағанда, өтініштер мен құжаттарды қабылдауды және лицензиялар және (немесе) лицензияларға қосымшалар беруді жүзеге асыратын ұйымдарды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (қызметтің кіші түрлері болған жағдайда) алу үшін мынадай құжаттар беріледі:

- 1) өтініш;
- 2) заңды тұлға үшін – өтініш беруші жарғысының (түпнұсқалары берілмеген жағдайда салыстырып тексеру үшін нотариат куәландырған) көшірмесі және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасы;
- 3) жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) дара кәсіпкер үшін – өтініш берушіні дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқа берілмеген жағдайда нотариат куәландырған) көшірмесі;
- 5) өтініш берушінің мемлекеттік кіріс органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқа берілмеген жағдайда нотариат куәландырған) көшірмесі;
- 6) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар.

Жарғының көшірмесін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалар берілмеген жағдайда нотариат куәландырған) ұсыну бөлігінде осы тармақтың бірінші бөлігі 2) тармақшасының талабы қаржы саласындағы қызметті және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қолданылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3) 4) және 5) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсыну олардағы ақпаратты мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және (немесе) мәліметтер нысанынан алу мүмкін болған жағдайда, талап етілмейді.

«Электрондық үкімет» веб-порталы немесе халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы құжаттарды беру кезінде құжаттар электрондық нысанда

б е р і л е д і .

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасында құжаттың нотариат куәландырған көшірмесін немесе салыстырып тексеру үшін құжаттың түпнұсқасын ұсыну туралы талап болған жағдайда мұндай құжаттар халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде ұсынылады.

Куәландырылған құжаттардың анықтығы үшін оларды ұсынған өтініш беруші немесе лицензиат жауапкершілікте болады.

Қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысу құқығына лицензия берген кезде құжаттар тізбесіне қойылатын қосымша талаптарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі де белгілей алады.

2-1. Осы баптың 2-тармағының күші «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 73-бабында көзделген тәртіппен лицензия алу жағдайларына қолданылмайды.

3. Лицензиясы бар қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін м ы н а д а й қ ұ ж а т т а р қ а ж е т :

1) ө т і н і ш ;

2) қызметтің кіші түріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер м е н қ ұ ж а т т а р .

4. Лицензиар өтініш берушінің (лицензиаттың) құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті. Ұсынылған құжаттардың толық емес фактілері анықталған жағдайда лицензиар аталған мерзімде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді түрде б а с т а р т а д ы .

5. Өтініш берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі мәніне мемлекеттік органдардың келісімдерін алу үшін лицензиар өтініш берушінің лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған құжаттары тіркелген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушінің лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыратын орны бойынша тиісті мемлекеттік органдарға сауал жібереді.

Мемлекеттік органдар лицензиар сауалының негізінде он жұмыс күні ішінде өтініш берушінің қойылатын талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы тиісті лицензиарға жауап жібереді.

Мемлекеттік органдар осы Заңда белгіленген мерзімде жауап жібермеген жағдайда лицензия беру келісілді деп саналады.

6. Қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысу құқығына лицензиялар беру, беруден бас тарту, олардың қолданылуын тоқтата тұру, тоқтату тәртібі мен шарттарын Қазақстан

Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
б е л г і л е й д і .

Ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиялар берудің шарттары мен тәртібі «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

Үлескерлердің ақшасын тарту есебінен тұрғын жайлар құрылысын ұйымдастыру жөніндегі қызметке лицензия берудің шарттары мен тәртібі «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен айқындалады.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензия берудің ерекше талаптары «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

7. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін тиісті лицензиарға немесе халыққа қызмет көрсету орталығына ұсынылған барлық құжаттар тізімдеме бойынша қабылданады, оның көшірмесі аталған органның құжаттарды қабылдаған күні туралы белгісі соғылып, өтініш берушіге жіберіледі (т а б ы с е т і л е д і) .

Ескерту. 42-бап жаңа редакцияда көзделген - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) , өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.24 N 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 N 106-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

43-бап. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру туралы өтініштерді қарау мерзімдері

1. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны осы Заңда белгіленген тиісті құжаттармен қоса өтініш ұсынылған күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірмей беретін, атом энергиясын пайдалану саласындағы, қаржы саласындағы және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметтегі лицензиарларды, экспорттық бақылауға жататын өнімдер импорты мен экспортының лицензиарларын қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны лицензиар он бес жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

2. Егер лицензиар осы Заңда белгіленген мерзімде өтініш берушіге лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны бермеген не лицензияны және

(немесе) лицензияға қосымшаны беруден дәлелді түрде бас тартуды ұсынбаған жағдайда, оларды беру мерзімдері өткен күннен бастап лицензия және (немесе) лицензияның қосымшасы берілді деп есептеледі.

Лицензиар лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру мерзімдері өткен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіге тиісті лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруге міндетті.

Лицензиар лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны бермеген жағдайда бес жұмыс күні өткеннен кейін лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алынды деп есептеледі. Өтініштің қабылданғаны туралы өтініш беруші алған хабарлама лицензия алынғанға дейін лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асырудың заңды екенін растайтын құжат болып табылады.

Ескерту. 43-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 № 107-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

44-бап. Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін төленетін лицензиялық алым

Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін төленетін лицензиялық алым Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес лицензиялар (лицензиялардың телнұсқасы) берілген (қайта ресімделген) кезде а л ы н а д ы .

Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым ставкалары Қазақстан Республикасының Салық кодексімен белгіленеді.

Лицензияға қосымшаларды (лицензияға қосымшалардың телнұсқаларын) берген кезде лицензиялық алым алынбайды.

Лицензияларды және (немесе) лицензияға қосымшаларды берген кезде осы Заңның 47-1-бабында көзделген жағдайларда лицензиялық алым алынбайды.

Ескерту. 44-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.12.10 N 101-IV (01.01.2009 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.11.16 N 200-IV (01.01.2010 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.03.2013 N 81-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

45-бап. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту

1 . Е г е р :

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салынған;
- 2) алып тасталды - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан

кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым енгізілмеген;

4) өтініш беруші біліктілік талаптарына сай келмеген;

4-1) өтініш берушіге лицензия беру келісуші мемлекеттік органмен келісілмесе ;

5) өтініш берушіге қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болған;

6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш берушіге лицензия алуға тыйым салған жағдайларда, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беруден бас тарту жүзеге асырылады.

Қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысуға лицензиялар беруден бас тарту үшін қосымша талаптарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілей алады.

1-1. Осы баптың 1-тармағының күші «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 73-бабында көзделген тәртіппен лицензия алу жағдайларына қолданылмайды.

2. Лицензия беруден бас тартқан жағдайда лицензиар лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру үшін белгіленген мерзімдерде өтініш берушіге дәлелді жауап қайтарады .

Ескерту. 45-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.04 N 167-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 N 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

46-бап. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тартуға шағымдану

Егер лицензия және (немесе) лицензияға қосымша осы Заңда белгіленген мерзімде берілмесе немесе лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту өтініш берушіге дәлелсіз болып көрінсе, ол Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бұл іс-әрекеттерге шағымдануға құқылы.

6-тарау. ЛИЦЕНЗИЯНЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЛИЦЕНЗИЯҒА ҚОСЫМШАНЫ ҚАЙТА РЕСІМДЕУ, ОНЫҢ ТЕЛНҰСҚАЛАРЫН БЕРУ, ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ ЖӘНЕ ТОҚТАТА ТҰРУ

47-бап. Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын қайта ресімдеу және беру, сондай-ақ электрондық форматқа аудару

1. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша жоғалған, бүлінген жағдайда лицензиаттың лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын алуға құқығы бар.

Егер лицензия қағаз жеткізгіште берілген болса, лицензиат телнұсқаны алмастан, оны өтініш бойынша электрондық форматқа аударуға құқылы.

Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның жоғалған, бүлінген бланкілері лицензиаттың лицензиарға жазбаша өтініш берген күнінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

Лицензиар өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жаңа нөмір бере отырып және жоғарғы оң жақ бұрышында «Телнұсқа» деген жазуы бар лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын береді.

Лицензиялардың және (немесе) лицензияларға қосымшалардың телнұсқалары осы Заңның 10-бабының ережелерін сақтай отырып, электрондық нысанда ресімделеді.

2. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша мынадай:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) өзгерген;
2) дара кәсіпкер қайта тіркелген, оның атауы мен мекенжайы өзгерген;
3) заңды тұлға бірігу, қосылу, бөлініп шығу немесе қайта құрылу нысанында қайта ұйымдастырылған;

4) заңды тұлғаның атауы және (немесе) заңды мекенжайы өзгерген жағдайларда қайта ресімделуге жатады.

Қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің атауы өзгерген жағдайда, лицензиаттың лицензияларды қайта ресімдеу кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растай отырып, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге құқығы бар.

Лицензиат қайта ресімдеу туралы өтінішті лицензияларды қайта ресімдеу кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, күнтізбелік отыз күн ішінде береді.

Лицензиялық алым төленбеген жағдайда, лицензиар лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден бас тартады.

Лицензияланатын қызмет түрінен бір немесе одан көп банк операциялары, сақтандыру қызметінен бір немесе одан да көп сыныптар алып тасталған жағдайда, лицензиат күнтізбелік отыз күн ішінде лицензияны қоса отырып, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

Қаржы саласындағы қызметті және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға өызмет түрінің атауы өзгерген жағдайда, егер мұндай өзгеріс лицензияланатын қызмет түрі мәнінің өзгеруіне әкеп соқпаса, күнтізбелік отыз күн ішінде лицензияларды қайта ресімдеу кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

Қайта ресімделген лицензиялар және (немесе) лицензияларға қосымшалар осы Заңның 10-бабының ережелерін сақтай отырып, электрондық нысанда ресімделеді.

Ескерту. 47-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

47-1-бап. Берілген лицензиялардағы қателерді түзету

Берілген лицензияда және (немесе) лицензияға қосымшада қателер табылған жағдайда лицензиат оларды түзету туралы еркін нысанда өтініш беруге құқылы.

Лицензиар лицензиаттың тиісті өтінішті берген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде лицензиялар тізіліміне қажетті өзгерістерді енгізеді және тиісті түзетулері бар лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны береді.

Ескерту. 6-тарау 47-1-баппен толықтырылды - ҚР 06.03.2013 N 81-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

48-бап. Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтату

1. Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуы мынадай жағдайларда:

1) лицензияның берілген мерзімі аяқталғанда;
2) жүзеге асырылуына лицензия берілген іс-әрекеттер (операциялар) толық көлемде жасалғанда;

3) лицензия алып қойылғанда;

4) жеке тұлғаның қызметі тоқтатылғанда, заңды тұлға таратылғанда, бірігу, біріктіру, бөліну, немесе қайта құрылу нысанындағы қайта ұйымдастырылуды қоспағанда, заңды тұлға қайта ұйымдастырылғанда;

- 5) лицензия және (немесе) лицензияға қосымша лицензиарға ерікті түрде қайтарылғанда ;
- б) лицензияланатындардың тізбесінен қызметтің жекелеген түрі және (немесе) кіші түрі алып тасталса ;
- 7) лицензиат лицензиялауға жататын субъектілер қатарынан алып тасталса;
- 8) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады .

2. Лицензияның қолданылуы осы баптың 1-тармағының б) және 7) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша тоқтатылғанды қоспағанда, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуы тоқтатылған кезде, лицензиат он жұмыс күні ішінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны лицензиарға қайтаруға міндетті.

Ескерту. 48-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.02.13 N 135-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз), 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

49-бап. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, одан айыру

Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, одан айыру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 49-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.01.20 № 241-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

49-1-бап. Лицензиялық бақылау

1. Лицензиялық бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады .

2. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша берілгеннен кейін лицензиаттардың Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасын сақтауын тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Бақылаудың өзге де нысандары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша берілгенге дейін өтініш берушінің немесе лицензиаттың біліктілік талаптарына сай келетіндігін тексеру тексерілетін субъектіге бару арқылы бақылаудың өзге де нысаны тәртібінде жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша өтініш берушінің немесе лицензиаттың біліктілік талаптарына сай келетіндігі немесе сай келмейтіндігі туралы шешім қабылданады .

Құжаттарды ұсынумен расталмайтын біліктілік талаптары, сондай-ақ ұсынылған құжаттардың анықтығы тексерілуге тиіс.

Ескерту. 6-тарау 49-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (

алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

50-бап. Залалдарды өтеу

Лицензия беруден негізсіз бас тартудан немесе лицензиаттың құқығын бұзудан туындайтын залалдарды өтеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 50-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

51-бап. Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасын бұзу

Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

52-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

2. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжаттар; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжаттар; 2004 ж., N 2, 9-құжат; N 5, 27-құжат; N 10, 54-құжат; N 14, 82-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 17, 98-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 11, 37-құжат; N 14, 55, 58-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 8, 45-құжат; N 13, 85-құжат; N 15, 92-құжат; N 16, 97, 102-құжаттар) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК